Әділет

# Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесін дайындау бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 21 қазан N 164-ө. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.23. N 135 өкімімен.

Бағдарламаларды мемлекеттікке жатқызу өлшемдерін айқындау, оларды әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекші |
| Мүсенова Галина Ақайқызы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық саясат және бағдарламалар департаментінің директоры, хатшы |
| Дауранов Ильдар Наильевич | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты Шағын және орта бизнес орталығының директоры |
| Жұмағұлов Ерлан Әскерұлы | - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама департаменті директорының орынбасары |
| Қалиева Анар Нұрдыбайқызы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаментінің директоры орынбасарының міндетін атқарушы |
| Нұрмамбетов Жұман | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджет саясаты және жоспарлау департаментінің бюджет саясаты басқармасы бастығының орынбасары |
| Нұрашев Тимур Бекболатұлы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары |

| | |
|---|---|
| Тримов Нариман Саматайұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Құқық және ұйымдастыру жұмысы департаментінің құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету басқармасы бастығының міндетін атқарушы |

2. Жұмыс тобы 2002 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы органдардың және өзге мемлекеттік органдардың мамандарын тартуға (келісім бойынша), сондай-ақ оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат сұратуға құқық берілсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК